

**Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева  
Факультет журналистики и политологии  
Кафедра политологии**

**МӘНГІЛІК ЕЛ – ОБЩЕНАЦИОНАЛЬНОЕ  
ЕДИНСТВО, МИР И СОГЛАСИЕ**

-----

*Материалы - Международной  
научно-практической конференции  
(г. Астана, 2017г.)*

УДК 378:327(063)

ББК 74.58+66.4

М 36

**Ответственный научный редактор Нечаева Е.Л.**

К.п.н., профессор

**Редакционная коллегия:**

**Копежанова Д.Е., Дюсембекова М.К., Жанпейсова Қ.Д.**

Мәңгілік Ел – Общенациональное единство, мир и согласие: сбор.матер. VI-  
Межд. науч.-прак. конф.– Астана, ТОО Мастер По, 2017.- 174 с.

ISBN 978-601-301-928-4

Сборник материалов международной научно-практической конференции содержит доклады ученых, докторантов, магистрантов и студентов казахстанских и зарубежных вузов.

В нем рассматриваются ключевые аспекты социальных и политических процессов Евразийской интеграции, социально-коммуникативные технологии и инновационные процессы в обществе.

В материалах сохранен авторский стиль. Материалы сборника предназначены для широкого круга научной и научно-педагогической общественности, могут быть использованы в теории и практике прикладной политологии и международных отношений.

*Ответственность за аутентичность и точность цитат, имен, названий и иных сведений, а также за соблюдение Закона об интеллектуальной собственности несут авторы публикаций и научные руководители.*

УДК 378:327(063)

ББК 74.58+66.4

ISBN 978-601-301-928-4

**© Кафедра политологии  
ЕНУ им.Л.Н. Гумилева, 2017**

**Пұсырманов Нұрбек Серікұлы**  
**Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ**  
**«Саясаттану» мамандығының докторанты**  
**г. Астана, Қазақстан**  
(Ғылыми жетекші: доцент, Ph.D докторы Рыстина И.С.)

## **ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫН ТОПТАСТЫРУДАҒЫ Н.Ә.НАЗАРБАЕВТЫҢ РӨЛІ**

Қазақстан Республикасы өзіндік даму жолында түрлі идеялар мен қоғамға әсерлі ұрандарды қолдану арқылы саяси өмірдің келбетін қалыптастырып келеді. Бұл тұрғыда Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың ауқымды ойларының орны бөлек. Оның саяси ойлары мен идеяларында үнемі жаңашылдық пен заманауи принциптерге негізделген және тарихи сабақтастық мазмұн көрініс табатыны белгілі. Мысалы, «Еуразиялық одақ идеясы» әлемдік деңгейдегі геосаясатта ықпалды мәнге ие.

Тарих парағындағы тағдырлы Кеңес Одағының ыдырау кезеңіндегі сын сағатта Н.Назарбаев түркі және славян одақтарының құрылуы өте қауіпті екендігін ескеріп, 1991 жылғы 21 желтоқсанда өзінің ұсынысы бойынша Алматыда он бір тәуелсіз мемлекеттер басшыларыныс кездесуіне ұйытқы болуы және нәтижесінде тараптар Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құруы ауқымды тарихи шешім. Бұл факті Алматы Декларациясына айқындалды.

Қазіргі уақытта Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының жұмысы ықтимал жанжалдардан сақтап қалғандығына уақыт төрешілік етті.

XX ғасыр мен XXI ғасырдың тоғысында әлемдік сын-қатер мен ғаламдық ықпалды үрдістерге қарамастан түбегейлі өзгеріс жасап, әлем картасында жер көлемі жағынан 9 орынға ие жаңа форматтағы мемлекеттік құрылысты салу – Н.Ә.Назарбаевтың тағдырымен туа біткен байлық.

Тарихқа қайта айналып, сол кезеңде жаңа тұлғаны жасамақ болсаң да, бұл кәдеге жарамайтын іс. Өйткені, Жаратқанның қалауы мен таңдауы әркімге беріле бермейтін мүмкіндік екені белгілі.

Өзіне жүктелген абыройлы да саяси жауапкершілікті сезіне отырып, қоғамдағы көшбасшылық басымдығы, саясатта салмақты мінезділігі, уақытқа сәйкес бәсекелестік қабілет пен кеңістіктің шексіз мүмкіндігін тәуекелге бұды.

Коммунистік режимнің сан жылдар бойғы күш-жігерімен құрылған тоталитарлық қоғамның күйреуі геосаяси кеңістікте мүмкіндіктер қалыптастырды. Осы ретте Қазақстан Республикасының құрылуы және марксизм-ленинизм жобаларынан бас тартуы жаңа саяси жүйені орнатуымен ерекшеленеді.

Осы ретте, Қазақстандық жолды анықтаудағы Н.Ә.Назарбаевтың айрықша мынадай еңбегін ерекше атап көрсету орынды:

*Біріншіден*, қоғамның дамуы жолы яғни тарихи тағдырлы кезеңде «Егер біз шындап аяғымыздан тік тұрып, қалыпты өмір сүргіміз келсе, бұл жолға түсуге тиіспіз», - деген жолдармен басталған 1992 жылы Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы қабылдауы.

Осы құжатта этникалық алуан түрліліктегі әлеуметтік біртұтастықтың стратегиясы, бір территорияда тұратын, тұрмыстың ортақ жағдайымен әрі туысқандық менталитетпен, игілік және бақыт идеясымен біріккен, бір демократиялық құқықтық мемлекет қорғайтын адамдардың үйлесімді қауымдастығын қолдау маңызды екендігі, сонымен бірге нарықтық қазыналардың қолайлығы мен әділдігіне адамдардың көзін жеткізуге қабілетті нарықтық идеологияны орнықтыру үшін жаппай негіз құрумен айналысу керек, - делінген [1].

Алдымен экономика, содан соң саясат логикасы осыдан туындайды. Қазақстан-2030, Қазақстан-2050 стратегиялары да көлемді әрі заманауи ауқымды стратегиялық мүмкіндік пен зияткерлік әлеуетке ие екендігі белгілі.

Қазақстан - 2030 Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы атты Қазақстан халқына Жолдауында Елбасы мынадай жақсы ой тұжырымдаған болатын: «Адамзат дамуының бүкіл тарихи тәжірибесі мемлекеттің алға басуы және тұрақты өсуі жүзеге асырылатын қажетті шарттардың бастауында оның ұлтының қауіпсіздігі мен мемлекеттілігінің сақталуы тұрғанына куә. Бостандық пен тәуелсіздікті жеңіп алу жеткіліксіз, оны табанды түрде қорғап, нығайтып, ұрпақтарға қалдыру қажет. Біздің ұрпақ еңсере алмай, өздеріне қалдырған ауыртпалықтар, қиыншылықтар мен проблемалар үшін болашақ ұрпақ кешіреп. Егер біз өз мемлекеттілігімізден айрылып, егемендігіміздің стратегиялық негіздерін, өз жерлеріміз бен ресурстарымызды қолымыздан шығарып алсақ, бізге кешірім жоқ» [2].

Осы ойдың астарында шекарамызды айқындап, тәуелсіздігімізді нығайту идеясымен көмкерілгені анық.

*Екіншіден*, 1993 жылы өтпелі кезең Конституциясын қабылдап, 1995 жылы заманауи жаңа Конституцияны орнықтыру мақсатында Конституция жобасын бүкілхалықтық референдумға ұсынуы.

Бұл ашықтық қағидаты, қоғамдық пікірмен санасуы демократияның шынайы үлгісі. Ресми мәліметтер бойынша референдумға 8 212 773 адам, яғни ел халқының 89,14 пайызы қатысты. Референдумға қатысқан халықтың 7 411 934 азамат қолдаса, 800 839 азамат қарсы дауыс берді, яғни бұл барлық қатысушылардың 9,9 пайызы, 78130 бюллетень жарамсыз деп табылды [3].

Нәтижесінде, қолданыстағы жаңа Конституцияны қабылдады. Қазақстан Республикасы ең қымбат қазына – адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтарына жол ашты.

Қазақстан қоғамының осыдан кейін Президенттің айналасына топтасу процесі арта түсті. Биліктің үш тармағы да Президент беделіне құрметпен қараудың үлгісін танытты. Бұл ретте, зерттеуші М. Қасымбековтың елімізді жанарту барысында: «Қоғамның ұлт көшбасшысының айналасына топтасуы президенттік институттың реформалардың қозғаушы күшіне айналып, өзінің тарихи міндетін сәтті атқару үшін қолайлы жағдайлар туғызды»[4, 49б] - дегені сөзімізді дәлелдей түседі.

**Үшіншіден**, мемлекеттілігімізді айшықтаған төл теңгеміздің қолданысқа енгізуі.

Теңге Ұлыбританияда басылып шығарылды. Ескі жүйе мен нарықтық қатынастар қайшылығы тұсында, Н.Назарбаевтың саяси ұтымды шешімі жаңа кезеңге, яғни Қазақстанның ұлттық экономикасына жол ашты.

**Төртіншіден**, билік тармақтарының айқындалуы мен этносаралық және конфессияаралық қатынаста Қазақстан халқы Ассамблеясын жасақтауы.

Әлемдік саяси ойлардың жетік тәжірибесіне негізделген атқарушы билік құрылымдары, екі Палаталы Парламент және сот билігінің орталықтанған жүйесі орнықты. Әлемде жоқ, жаңа жоба Қазақстан халқы Ассамблеясы пайда болды. Қазақстан халқы Ассамблеясы этникалық бірегейлік, қоғамдық келісімде өміршендігін дәлелдеп келеді.

Қазақстан халықаралық қатынастардың саяси субъектісіне айналды.

**Бесіншіден**, мемлекет белгілерін анықтау, оның ішінде шекарамызды нақтылауы.

Геосаясатта тарихи тартыстар мен түрлі көзқарасты басып озып, мемлекет шекарасын шегендеуі Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың аймақаралық саясаттағы салмақты саяси беделі. Әлем картасында жаңа Қазақстан орналасты.

**Алтыншыдан**, саяси идеяларының заманауи өзектілігі. Оның ішінде, «жаңа Астана», «Қазақ елі», «Мәңгілік ел», т.б. атауға болады.

Астана – Қазақстан жүрегі. Дәл осы жерде барша ауыл мен қала ғана емес, әлемдік өркениет пен кемелді мәдениет тоғысып жатыр.

Айта кетелік, тәуелсіздік алған тұста Президенттің беделі мен көшбасшылық рөлі жұрттың сана-сезімінде елеулі орын алып, бастапқы кезеңде ұлттық идея рөлін атқарды деуге негіз бар. Тағы бір басты фактор – Президенттің қазақ болуы және қазақ тілін жетік білуі, ұлттық құндылықтардың бойынан табылуы.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – Мәңгілік Ел идеясы. Қазақтың Мәңгілік Ғұмыры ұрпақтың Мәңгілік Болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ – Мәңгілік Қазақтың Перзенті. Ендеше, Қазақ Елінің Ұлттық Идеясы – Мәңгілік Ел!» деп Мәңгілік ел идеясын нақтылады [5].

Ұлттық идея - мемлекет халқының ұмтылыстарын, оның жетістіктерінің нәтижесі мен мақсатын бейнелейтін ұғым [6].

*Жетіншіден*, және бұл ең басты еңбегі сырдарлы сәтте өз отанында азшылыққа айналған қазақ этносына қоғамды топтастырушы миссиясын жүктеуі.

Бүгінде қазақ этносы санының артуында табиғи өсімі, қандастарымыздың да отанға оралуы да заңды құбылыс. Өйткені, Қазақстан Республикасы - ұлт құраушы қазақ ұлтының әлемдегі жалғыз Отаны әрі туған жері, құт атамекені болып табылады. Сондай-ақ, қазақ этносы санының көбеюі де ұлт сатысына көтерілуге септігін тигізеді.

Қазіргі кезде Қазақстан қоғамының қайшылықсыз топтасуы мен саяси тұрақтылығының кепілі Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың рөлі мен саяси шешімдерінің негізінде екендігіне ешкімнің дауы жоқ.

Елбасы есімі әрқашан дүниежүзілік тарихта орын алған Түркияда Мұстафа Кемал Ататүрік, Қытайда Дэн Сяопин, Сингапурдың Ли Куан Ю тәрізді тұлғаларымен қатар тұрады [7]. Кемал Ататүрік Түркияда түрік рухын оятты, Дэн Сяопин Қытай ғажабы, Ли Куан Ю Сунгапур кереметтігімен танылса, Н.Ә.Назарбаев «Әлем. ХХІ ғасыр» атты манифесімен» ерекшеленеді. Бұл дегеніміз ХХІ ғасырда өмір сүретін және жұмыс істейтін өскелең ұрпақтың тағдырына шынайы алаңдаушылық. Осы құжаттың астарында бейбітшілік пен татулық, өзара ынтымақтастық, ядролық қарусызданудың өркениеттік бастамасы шоғырланған.

Түйіндей келе, уақыт кезеңінің жаңа талаптарына заманауи жауап қалыптастырған саяси реформатор, Н.Ә.Назарбаев – Мәңгілік ел - Қазақстандық жолының бастауы, Қазақстан қоғамын топтастырудың – таптырмас кілті.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. «Қазақстанның Егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы. Алматы, РГЖИ «Дәуір», 1992

2. Қазақстан - 2030 Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы атты Қазақстан халқына Жолдауы. 1997 жыл.

3. <http://www.kazaly-maslihat.kz/index.php/kz/2013-02-13-21-08-22/419-2014-09-02-03-58-35.html>

4. Қасымбеков М.Б. Институт Президентства, как инструмент политической модернизации (на примере Республики Казахстан): Автореферат диссертации доктора политических наук. -Алматы, 2002.- 49 б.

5. «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2014 жылғы 17 қаңтар.

6. Қайдарова Ә.С., Қазақстан Республикасындағы ұлттық идеяның қалыптасуы (саясаттанулық талдау). Саяси ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Алматы, 2010, - 40б.

7. Азия асқарлары // Егемен Қазақстан.-2005.-15 желтоқсан.

**Сансызбаева А.**  
**Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ**  
**Саясаттану мамандығының 1 курс студенті,**  
**Астана қ.**  
Ғылыми жетекшісі:  
доцент Көпежанова Д. Е.

## **ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯ САЯСИ ИДЕОЛОГИЯНЫҢ БІР ТҮРІ РЕТІНДЕ**

Ең алдымен «идеология» сөзінің мәнін ашып алайық. Барлық мемлекетте жинақтық ойды білдіретін бұл термин нені білдіреді?

Идеология (грек. idea – түсінік, logos – оқу) – әлеуметтік топтардың, саяси партиялардың, қоғамдық ұйымдардың немесе жалпы қоғамның, мүдделері мен дүниетанымын қамтитын түсініктер, көзқарастар және идеялар (саяси, құқықтық, діни және философиялық ) жүйесі. Идеология адамдарды ұйымдастырады, олардың дәлелдерін анықтайды. Белгілі бір құндылықтар жүйесін пайдалана отырып, жеке және жалпы сананы қалыптастырады, бақылайды, әлеуметтік қатынастардың бағыты мен сипатын анықтайтын бағдарламалар мен мақсаттарды бекітеді. «Идеология» ұғымын ғылыми айналымға француз философы А. Дестют де Траси («Идеология элементтер» (1801-1815) енгізді. Идеологияны әрбір азамат әртүрлі мағынада түсінуі мүмкін. Біреулер оны тәртіп десе, енді кейбіреулері қоғамды басқару, ұйымдастыру дейді. Ал біз, жастар идеологияны қалай түсінеміз?

Идеология арғы жағынан идея, ой, талант деген сияқты ұғымдарды байланыстырады. Яғни белгілі бір тұлғада немесе мүдделері бір топта, ұйымда саяси өмірді ұйымдастыру туралы мәлімет болып идея туындаса, бұл-саяси идеологияны қалыптастырады. Идеологияның бірнеше түрлері бар. Және олар өз алдына бірнеше мақсаттар қоя отыра қоғам өмірін ұйымдастыруды жеңілдетеді. Әрбір идеология өзінің терең мәнін алға тарта отыра жұмыс жасайды. Идеология түрлеріне: либерализм, консерватизм, анархия, марксизм, демократия, фашизм, коммунизмді жатқыза аламыз.

Ендеше идеологияны пайдалана отырып мемлекет бірнеше саяси механизмдерді орындай алады.